

№3 Мәртөк жалпы орта білім беретін мектебі бойынша

Бұйрық

Мәртөк с.

№ 277

08.05.2025 ж.

2024-2025 оқу жылында мектепте
аралық және қорытынды аттестаттауды
өткізу мерзімдерін айқындау, бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің м.а. 2024 жылғы 10 шілдедегі № 174. (Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылдың 24 сәуіріндегі № 82 бұйрығымен енгізілген өзгерістерді қоса алғанда) бұйрығына сәйкес

БҰЙЫРАМЫН

1. Мектепте 2024-2025 оқу жылында 5-8, 10 сыныптардағы қазақ тілі мен әдебиеті пәні бойынша аралық бақылау 2025 жылдың 26-30 мамыр аралығында өткізілсін.

2. Аралық аттестаттауды өткізу мерзімі және комиссия мүшелері тізімі осы бұйрыққа **№1 қосымшаға** сәйкес бекітілсін.

3. Қорытынды аттестаттаудың мынадай мерзімдері бекітілсін:

9 -сынып оқушылары үшін қорытынды бітіру емтихандары – 2025 жылғы 29 мамырдан бастап 10 маусым аралығында;

11-сынып оқушылары үшін мемлекеттік бітіру емтихандары – 2025 жылғы 30 мамырдан бастап 16 маусым аралығында.

4. Қорытынды аттестаттауды өткізудің мынадай мерзімдері бекітілсін:

9 - сынып оқушылары үшін:

1) математика (алгебра) бойынша жазбаша емтихан – 2025 жылғы 29 мамыр;

2) қазақ тілі/орыс тілінде оқитын сыныптарда ана тілі (оқыту тілі) бойынша эссе нысанында жазбаша емтихан - 2025 жылғы 2 маусым;

3) таңдау пәні бойынша жазбаша емтихан (физика, химия, биология, география, геометрия, Қазақстан тарихы, дүниежүзі тарихы, әдебиет (оқыту тілі бойынша), шет тілі (ағылшын/француз/неміс), информатика)– 2025 жылғы 5 маусым;

4) орыс тілінде оқитын сыныптарда қазақ тілі мен әдебиеті бойынша жазбаша емтихан және қазақ тілінде оқытатын сыныптарда орыс тілі мен әдебиеті бойынша жазбаша емтихан – 2025 жылғы 10 маусым;

11 - сынып оқушылары үшін:

1) Қазақстан тарихы бойынша ауызша емтихан – 2025 жылғы 30 мамыр;

2) алгебра және анализ бастамалары бойынша жазбаша емтихан – 2025 жылғы 4 маусым;

3) қазақ тілі/орыс тілінде оқитын сыныптар үшін ана тілі (оқыту тілі)

бойынша жазбаша емтихан – 2025 жылғы 9 маусым;

4) таңдау пәні бойынша жазбаша емтихан (физика, химия, биология, география, геометрия, дүниежүзілік тарих, құқық негіздері, әдебиет (оқыту тілі бойынша), шет тілі (ағылшын/француз/неміс), информатика) – 2025 жылғы 12 маусым;

5) орыс тілінде оқытатын сыныптарда қазақ тілі мен әдебиетінен және қазақ тілінде оқытатын сыныптарда орыс тілі мен әдебиетінен жазбаша емтихан – 2025 жылғы 16 маусым.

5. Қорытынды аттестаттауды өткізу мерзімі және комиссия мүшелері тізімі осы бұйрыққа №2 және №3 қосымшаларға сәйкес бекітілсін.

6. Мектеп директорының оқу ісі бойынша орынбасарлары

А. Жаксыгаринаға, Г. Иманалинаға және Т. Сеилханға:

- 2024-2025 оқу жылындағы қорытынды және мемлекеттік бітіру емтихандарын өткізу Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылдың 18 наурызындағы № 125 бұйрығымен бекітілген «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидалары» (енгізілген өзгерістер мен толықтыруларды қоса алғанда) талаптарына сәйкес ұйымдастыру;

- ұлттық деректер қоры мен «BilimClass» электрондық журналының уақытылы, сапалы толтырылуы, жылдық және қорытынды бағалардың уақытылы қойылуын қамтамасыз ету;

- аралық және қорытынды аттестаттауды өткізу кестесімен, комиссия құрамымен және бұйрықпен барлық педагогтарды педагогикалық кеңесте таныстыру жүктелсін.

7. Қорытынды және мемлекеттік емтихандар материалдарын электронды түрде қабылдау, өңдеу және қағаз бетіне шығару жұмыстарына техникалық қолдау көрсету, компьютердің құралдармен қамтамасыз ету, интернет желісінің тұрақтылығын бақылауда ұстау мектеп инженері Д. Жиенбеков пен информатика пәнінің мұғалімі Н. Абилкасимовқа жүктелсін.


8. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Мектеп директоры



Жамаладинов М. Ш.

Бұйрықпен таныстым:

 А. Жаксыгарина
 Г. Иманалина
 Т. Сеилхан
 Д. Жиенбеков
 Н. Абиьлкасимов